

## **«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ 2022 жылы мемлекеттер пайдасына жасалған төлемдері жөніндегі есеп**

### **Кіріспе**

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ, Компания) үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес келу мақсатында өзінің еншілес компанияларын қоса алғанда, 2022 жылы ҚМГ жүргізген мемлекеттік аударымдарға жалпы шолуды білдіретін есепті жариялайды.

Осы есеп Ұлыбританияның 2014 жылғы Мемлекеттердің пайдасына төлемдер жөніндегі есептер туралы қағидаларына (2015 жылғы желтоқсанда енгізілген өзгерістермен) сәйкес әзірленді. Осы Қағидалар өзгерістер мен толықтырулары бар 2013 жылғы есептілік туралы директиваның «Мемлекеттердің пайдасына төлемдер бойынша есептер туралы» актісінің 10-тарауының ережелеріне негізделген. Осы Қағидаларға сәйкес Ұлыбританияда тіркелген мұнай, газ, тау-кен және ағаш дайындау компаниялары жыл сайын елдер мен жобалар бойынша мемлекет пайдасына төлемдер туралы ақпаратты ашуы керек.

### **Компания туралы**

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін білдіреді.

2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) (87,42%), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%), 3% еркін айналымда болып табылады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Компания Қазақстанда мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемі бойынша көшбасшылық орнын сақтап қалды.

ҚМГ өзінің қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екенін сезіне отырып, осы ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін мойындайды.

### **Есеп беретін компаниялар**

Осы есеп Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) мемлекеттердің пайдасына аударымдар жүргізгені туралы ақпаратты қамтиды.

### **Есепті кезең және есептің шекаралары**

2022 жыл есептік кезең болып табылады.

Есептілік жүйесін пайдалану мемлекет пайдасына аударымдар бойынша ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді, Компанияның мемлекеттерге төлемдер саласындағы ашықтығын арттыруға, өндіруші компаниялардың сектордан түсетін кірістер мәселелеріндегі жауапкершілігін күшейтуге, халықтың өңірлердегі компания қызметі туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған, сондай-ақ Компанияның есептерін мұнай-

газ саласындағы жетекші халықаралық компаниялардың есептерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Компания ақпаратты ашудың ең үздік тәжірибелеріне сәйкес мемлекеттердің пайдасына аударымдар бойынша осы есепті жариялайды.

Есеп шеңберінде Компания мен оның еншілес ұйымдарының көмірсутек, мұнай-сервистік қызметтері, тасымалдау және өңдеуді жүзеге асыру қызметтері қаралады.

### **Үкімет**

Есептің мақсаттары үшін «Үкімет» термині жарнаны немесе төлемді төлеу мерзімі басталған кезде қолданыстағы заңнамаға сәйкес салықтарды, бюджеттік және өзге де төлемдерді жинауға уәкілетті кез келген билік органдарын білдіреді. Осы Есеп түпмәтінінде үкіметтерге мемлекеттік кірістер пайдасына салық, алымдар және басқа да төлемдер алуға уәкілеттік берілген ұйымдар, коммерциялық кәсіпорындар және басқа да заңды тұлғалар кіреді.

### **Компаниялар**

Компаниялар деп ақша аударымдары бойынша деректері осы есепте қамтылған компаниялар түсініледі.

### **Мемлекет пайдасына аударымдар.**

Ақпарат төлемдердің келесі түрлері бойынша бөле отырып ұсынылған:

#### *Салықтар*

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтан басқа барлық салықтар.

#### *ПҚӨС*

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы - жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін минералдық шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулары мен емдік балшықтың әрбір түрі бойынша жеке-жеке міндетті төлемі болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың нақты көлемі пайдалы қазбаларды өндіру салығын салу объектісі болып табылады.

#### *Қол қою бонусы*

Қол қою бонусы жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) кеңейтілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын иелену үшін біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

#### *Өзге төлемдер*

Өзге төлемдер экспорттық кедендік баждарды қоса алғанда, мемлекеттерге барлық қалған төлемдерді қамтиды.

### **Валюта**

Есеп қазақстандық теңгемен ұсынылды, ол функционалдық валюта және Компанияның қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылады. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция күніндегі қолданыстағы бағам бойынша функционалдық валютада есепке алынады. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыстағы функционалдық валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

## Байланыс деректері

Осы есеп және Компанияның қызметі туралы қосымша ақпарат корпоративтік веб-сайтта орналастырылған: [www.kmg.kz](http://www.kmg.kz).

Осы есепте ұсынылған ақпаратпен байланысты мәселелерді z05h9e8, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қонаев к-сі, 8, Инвесторлармен жұмыс басқармасы мекенжайына жолдауға болады.

Тел. +7 7172 78 64 34

E-mail: ir@kmg.kz

## 2022 жылы елдер мен компаниялар бойынша есеп (млн теңге)

Ел/Компания	Салық	Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС)	Қол қою бонусы	Өзге	Жиыны
<b>Қазақстан</b>	731 212	116 513	208	136 396	<b>984 330</b>
«Өзенмұнайгаз» АҚ	195 258	77 459		73 583	<b>346 299</b>
«ПМХЗ» ЖШС	124 406	-		244	<b>124 650</b>
«АМӨЗ» ЖШС	112 451	-		564	<b>113 014</b>
«Ембімұнайгаз» АҚ	92 619	32 268	33	35 475	<b>160 395</b>
ҚМГ Қарашығанақ	58 125	-	-	1 175	<b>59 300</b>
ЧКОО «ҚМГ Қашаған Б.В.»	37 192	-		1 762	<b>38 953</b>
«ҚазТрансОйл» АҚ	35 622	2		211	<b>35 834</b>
Басқалар	75 540	6 785	175	23 383	<b>105 883</b>
<b>Румыния</b>	756 860	-		3 276	<b>760 136</b>
KMG International N.V.	756 860	-		3 276	<b>760 136</b>
<b>Болгария</b>	36 750	-		2	<b>36 752</b>
KMG International N.V.	36 750	-		2	<b>36 752</b>
<b>Молдова</b>	66 778	-		1 059	<b>67 837</b>
KMG International N.V.	66 778	-		1 059	<b>67 837</b>
<b>Грузия</b>	51 964	-		0,46	<b>51 965</b>
KMG International N.V.	50 267	-		-	<b>50 267</b>
«ҚазТрансОйл» АҚ	1 698	-		0,46	<b>1 698</b>
<b>Швейцария</b>	4 332	-		28	<b>4 360</b>
KMG International N.V.	4 332	-		28	<b>4 360</b>
<b>Нидерланды</b>	1 046	-			<b>1 046</b>
KMG International N.V.	1 046	-			<b>1 046</b>
<b>Ұлыбритания</b>	587	-			<b>587</b>
«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТСК» ЖШС	587	-			<b>587</b>
<b>Әзербайжан</b>	878	-		113	<b>991</b>
«KMG Drilling & Services» ЖШС	878	-		113	<b>991</b>
<b>Ресей Федерациясы</b>	4	-			<b>4</b>
«KMG Systems & Services» ЖШС	4	-	-	-	<b>4</b>
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>1 650 412</b>	<b>116 513</b>	<b>208</b>	<b>140 875</b>	<b>1 908 009</b>

**2022 жылы мемлекеттерге аударымдар бойынша есеп (млн теңге)**

<b>Ел</b>	<b>Салық</b>	<b>Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚЭС)</b>	<b>Бонус коммерциялық табу бонусы</b>	<b>Өзге</b>	<b>Жиыны</b>
<b>Қазақстан</b>	731 212	116 513	208	136 396	984 330
Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры	297 004	116 497	175	30	413 706
Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеті	142 803	17	33	131 844	274 696
Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттері	291 405			4 523	295 928
<b>Румыния</b>	756 860			3 276	760 136
Мемлекет бюджеті	756 860			165	757 024
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бюджеті	-			-	-
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	-			3 111	3 111
<b>Болгария</b>	36 750			2	36 752
Мемлекет бюджеті	36 454			-	36 454
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бюджеті	250			-	250
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің орталықтандырылған бюджеті	47			2	48
<b>Молдова</b>	66 778			1 059	67 837
Мемлекет бюджеті	65 380			-	65 380
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бюджеті	1 398			-	1 398
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	-			1 059	1 059
<b>Грузия</b>	51 964			0,46	51 965
Мемлекет бюджеті	51 454			0,46	51 455
Жеке зейнетақы қоры	510			-	510
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	-			-	-
<b>Швейцария</b>	4 332			28	4 360
Федералды бюджет	4 332			28	4 360
Кантондық бюджет	-			-	-
Муниципалды бюджет	-			-	-

Ел	Салық	Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС)	Бонус коммерциялық табу бонусы	Өзге	Жиыны
Жеке мекемелердің бюджеті (федералды заңмен реттеледі).	-			-	-
<b>Нидерланды</b>	1 046			-	1 046
Мемлекеттік бюджет	848			-	848
Мемлекеттік емес зейнетақы қоры	199			-	199
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	-			-	-
<b>Ұлыбритания</b>	587			-	587
Мәртебелі кірістер мен кедендік алымдар	587			-	587
<b>Әзербайжан</b>	878			113	991
Жалпы мемлекеттік бюджет	878			113	991
<b>Ресей Федерациясы</b>	4			-	4
Федералды бюджет	4			-	4
Субъектілердің бюджеттері	-			-	-
Жергілікті бюджеттер	-			-	-
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>1 650 412</b>	<b>116 513</b>	<b>208</b>	<b>140 875</b>	<b>1 908 009</b>

OECD (BEPS Action 13 Country-by-Country reporting) және GRI 207: Tax (млн теңгемен) талаптарына сәйкес 2022 жылғы елдік есеп

Салықтық юрисдикция	Штаттық қызметкерлер саны	Үшінші тұлғалармен мәмілелер бойынша кірістер сомасы	Байланысты тараптармен мәмілелер бойынша кірістер сомасы және топшілік транзакциялар	Салық салынғанға дейінгі пайда / шығын сомасы	Материалдық емес активтерді, сондай-ақ ақша қаражаты мен олардың баламаларын қоспағанда, активтер жиынтығы	Пайдаға төленген салық сомасы (ақша қаражатының қозғалысы туралы есептегі кассалық әдіс)	Пайдаға есептелген салық сомасы, КТС бойынша сома	Жарғылық капитал	Жинақталған пайда / шығын
Қазақстан	38 055	1 367 696	2 016 628	663 522	3 462 275	146 404	(128 220)	2 608 384	1 264 795
Нидерланды	74	2 716 418	1 697	964 816	3 614 964	(399)	(1 317)	8 160 724	(1 155 568)
Румыния	3 412	2 406 467	1 975 452	150 828	712 838	3 056	(5 314)	581 951	(562 170)
Болгария	78	135 021	-	(2 222)	21 613	-	-	16 449	(16 074)
Молдова	1 047	245 649	-	788	8 017	5	(244)	630	9 766
Грузия	1 968	155 012	5 339	5 312	61 924	-	-	3 077	20 577
Ұлыбритания	8	-	1 482	381	4	0	(79)	4 993	(5 136)
Араб Әмірліктері	12	18 336	-	(6 728)	20	-	-	23 526	(25 880)
Түркия	4	13	4	-	2 121	-	-	2 376	(2 053)
Маршалл аралдары	2	-	4 164	4 563	27 248	-	-	0	12 882
Әзербайжан	-	5 528	-	2 215	2 306	549	-	-	(1 656)
Ресей	2	-	-	(13)	1	-	-	-	-
Мэн аралы	1	8 726	104 079	16 557	1 103	-	-	1	9 296
Бермуд аралдары	4	974	-	795	-	-	-	-	8 883
Ливия	-	237	-	536	-	-	-	-	-
Швейцария	21	2 224 637	1 798 302	9 680	88	4 035	(1 457)	403	68 201
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>44 688</b>	<b>9 284 714</b>	<b>5 907 149</b>	<b>1 811 031</b>	<b>7 914 522</b>	<b>153 651</b>	<b>(136 630)</b>	<b>11 402 517</b>	<b>(374 137)</b>